

«Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК

**Қазақтың сый – жоралғы дәстүрлерінің сыбайлас
жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы рөлі**

Орындаған: экскурсия жүргізушісі

Каленова Лаура Абылайқызы

8 777 354 66 41

Теміртау 2024

Қазақтың сый – жоралғы дәстүрлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы рөлі

Біз мүлде жаңа ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті, дамыған мемлекет сипатында айтарлықтай жетістіктеріміз де аз емес. Дегенмен, шешімі қиын мәселелер де жеткілікті. Жемқорлық – әлемде де, елімізде де кең етек алған үлкен мәселе, індет. Иә, осы мәселені мен «Індет» деймін, себебі бұл ел болашағына төнген қауіп-қатер. Жаңа технологиялар мен әлеуметтік желілер өршіп тұрған заманда күнде құлағымыз естіп, көзіміз көріп жатқан жағымсыз жаңалықтардың куәгеріміз. Бұл індетпен күресу – барша халықтың ортақ борышы, міндеті! Тарихқа көз жүгіртіп, сандаған ғасырлар мен замандарды шолар болсақ, сонау Шыңғыс ханның тұсында жасаған Майқы биден бастап, ойымызға Қаз дауысты Қазбек би, Төле би, Әйтеке би, Байдалы, Ноғайбай, Қараменді би сияқты «талғанда тіреу, сасқанда сүйеу» болған би-шешендердің есімдері оралады. Олар қазақ жерінде әділдіктің салтанатын құру үшін қиянат-зұлымдықтың арам шөптей қаптап кетуіне қарсы ұшан-теңіз қажыр-қайрат жұмсаған. Кемеңгерлікке, адамгершілікке құрылған билік болды. Қазақ хандығы дәуіріндегі билердің атқарған қызметі мен дипломатиялық саясаты, қара қылды қақ жарған әділ шешімдері бүгінгі ұрпаққа үлгі.

Елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы Заңының басты бір бөлігі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адамның жоғары моральдық, құқықтық, саяси және басқа мәдениеттер негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білуі қабілетін білдіреді. Жалпы, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарына лауазымдық қылмыстар жатады. Өмірде кездесіп жатқан, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілетті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, және т.б.

Қарапайым тілмен айтсақ, бүгінде қызметкерлер мемлекеттік мекеме басшыларына, оқушылар мен студенттер ұстаздарға, пациенттер дәрігерлерге, тағы да басқа мекемелерде қымбат сыйлық сыйлау әдетке айналып кеткендей. Осының барлығын сый-сыяпатта тұрған түк жоқ, салтымызда сыйластықты білдіретін ғұрып қой деп сылтаулатып жатады. Ежелден келе жатқан салт-дәстүрімізді басқа жаққа бұрмалап, жоғалтып барамыз ба, деген ой келеді. Көптеген ғасырлардың барысында қазақтардың өзіндік қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері бар. Бұл дәстүрлер үй ішіндегі отбасылық, туыстық қарым-қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Қазақтарда үйіне келген адамға міндетті түрде тегін қонақасы беру, оған жайлы төсек-орын салып, қондырып жіберу әдет-ғұрпы ежелден орын алды. Егер үй иесі қонаққа ондай құрмет көрсетудің дәстүрлі әдет-ғұрпынан бас тартса, әлгі бейтаныс жолаушы үй иесінің үстінен биге барып, шағым айтуға құқықты болған. Ал би қонақжайлылық әдет-ғұрыпты бұзған үй иесіне ат-тон айып салатын. Әдетте мұндай келеңсіз оқиға қазақ арасында өте сирек ұшырасқан.

Діні мен дәстүрін сабақтастырып, әлмисақтан бері мұсылман болған қазақ халқы өзара жәрдемдесіп, жақсылық жасауда иық тіресіп бірлесе көптеген шараларды атқарған. Олардың бастыларының бірі – асар болып табылады. Асар – халықтың қайырымдылығы мен ұйымшылдығын танытып, ауқымды да күрделі ауыр жұмыстарды бірлесе отырып орындау. Мысалы: баспана салу, қой қырқу, киіз басу, егін ору, тағы басқа қауырт жұмыстарды көпшілікпен жұмыла атқарған. Бұл – жеке бас пайдасы үшін емес, қиын жағдайда көмектесуге негізделген әлеуметтік құндылықтардың бірі. Қазіргі уақытта дәстүріміздің бұл түрін лауазымдық қызметте жүрген жерлестеріміз басқаша бұрмалап, өзіне үй салуда, және басқа жеке құрылыс алаңдарында қол астындағы қызметкерлерін пайдаланады.

Дәм ету – көнеден келе жатқан қазақтың ырымдарының бірі. «Дәметкен сары майдан кеуден құрсын» деген халық әні, осы ырымның дәлелі болмақ. Дәметудің түрлері көп. Соның ішінде жас ананың, яғни емшектегі баласы бар келіншектің дәметуі бір бөлек. Немерелердің ата-әжесі қонаққа барса дәметуі бар, немесе үйге қонақ келгенде үйдегі балалардың дәметуі бар. Әсіресе, жас балалы келіндердің дәметуі меселін қайтармай, ырымын жасаған. Әйтпесе, дәметіп қалып, ойындағысы орындалмай қалса, кеудесі ісіп кетеді. Бұл дәлелденген, өмірдің шындығы. Бұл ырымды сыбайлас жемқорлыққа бұрмалайтындар да болады екен. Оған өзім куә болған едім. «Жоғарғы оқу орнында оқып жүрген кезімде соңғы курста диплом қорғауымыз керек болды. Менен ұстазым өзің жаза аласыңба деп сұрады. Мен ойланбастан иә дедім. Дипломды жазып аяқтадым, қорғайтын күнде келді. Содан тобымыздың старостасы келіп, сенен ұстазымыз дәметіп отыр, дипломыңды 5 деген бағаға қорғағын келсе дәмесін бер деді. Қалтамда келіп-кететін жолдың ғана ақшасы. Жарайды деп, жақын дүкенге жүгіріп барып, бір қорап шоколад алып ұстазыма бардым. – Ағай дәметіпсіз ғой, ренжімеңіз бар болған тиыныма алдым мынау менен, маған 5тік керек жоқ, қоймасаңыз өзіңіз біліңіз деп шоколадты табыстап, шығып кеттім...»

Қазақ халқында этикет формалары орта ғасырларда қалыптасқан. Сыйлық – халықтың ізгі әдет-ғұрпы. Бірақ сыйлықты таңдап, дұрыс тарта білу керек. Кәде – қазақ халқының ғұрыптық жоралғыларының жиынтық атауы. Кәдені жасамау – дәстүрді сыйламау, яғни әдет заңын бұзу деген сөз. Халық арасында «ат өлсе де, кәде өлмейді» деген атамыздан қалған аталы сөздер бекер айтылмаса керек. Кәденің бірнеше түрі болады: құдалық кәделері (шеге шапан, өлі-тірі, қалың мал, ат байлар, тойбастар, құйрық бауыр, сандық ашар, т.б.). Той кәделері (тойбастар, айттық, сарқыт, көрімдік, байғазы, т.б.). Қаза кәделері (бата, садақа, жартыс, қабыршы кәдесі, киім беру.) Бұл кәде сыйлардың өзіндік мән-мағынасы, берілетін орны бар. Сүйінші – жағымды жаңалықты көпшілікке тарату. Оған түрлі себептер болуы мүмкін: нәресте дүниеге келгенде, жаңадан келін түскен сәтте, алыстан арбалатып жақындары келгенде, жоғары лауазымға ие болған кезде сүйінші сұралған. Әсіресе бір отбасы көптен бері бала көре алмай, араға уақыт салып, үйіне бақыт нұры шашылса, сүйінші сұраған. Мұндай қуанышты хабарлардың сұрауы да құнды болған. Тек ақша, емес көбінде астындағы атын, сауыт-сайманын берген.

Байғазы үлкен кісілердің өздерінен кішіге беретін сый-сыяпаты. Байғазы жансыз затқа сұралады. Сондай-ақ бала ең алғаш рет атқа отырған кезде де байғазы сұраған. Көбінде бұл салт жасөспірім балақайлар жаңа киім алғанда

орындалады. Жаңа киімді болған балаға ата-аналары: «Барып, байғазыңды алып қайт», – деп көрші-қолаң мен жақын тұратын ағайын-туыстарына жүгіртіп жіберген. Байғазыға қолында барын берген: теңге, тана, маржандар. Халқымыз байғазы сұрап келген жеткіншектердің бетін қайтармаған. Ештеңесі болмай бара жатса, қолына бауырсақ, кәмпит не басқа тәттілерді ұстатып, «байғазың мойнымда», – деп жіберген. Байғазы сұрап келген ұл болса, «байғазыға байдың қызы», – деп қайтарады. Көрімдік – байғазыға ұқсас, тек жандыға берілетін сый. Отбасына жаңадан сәби қосылғанда, жас келін түскенде, мал төлдегенде туған-туыс, дос-жаран, көршілердің тарапынан көрімдік сыйы берілген. Сонымен қатар қызға сырға салуға барған кезде жігіт жақ қызды көруі үшін алдымен көрімдік береді. Ұзатылып бара жатқан қыздың қос жеңгесі құдаларға: «Болашақ келіндеріңізді көріп, көрімдігін беріңіздер», – дейді. Содан жігіттің анасы жас келіннің маңдайынан сүйіп, барлық үлкендер ақ баталарын айтып, жеңгелеріне көрімдіктерін береді. Көрімдік беру арқылы жақын туыстардың арасындағы сыйластық пен адамгершілік артып, татулық пен бірлік нығая түседі. Бүгінгі таңда осы сый-сыяпаттардың беретін орнын шатастырып, сыбайлас жемқорлыққа соқтырып жатады. Жұмысқа тұру үшін қой, жылқы бердім деп жатқандарды естиміз, немесе бүгін басшымыздың туған күні бағалы сыйлық бердік, ұстаздар мерекесі, мектеппен қоштасу болса сыйға алтын сақинаға дейін кигізіп жатқандарды естіп жүрміз. Бұл күнделікті кездесетін жағдайларға айналды, мен бермеймін десең ойбай баламды дұрыс оқытпай қояр, жұрттан қалмайық, жексұрын болмайық деп үндемей береміз. Сонда біздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық позициямыз қайда қалды?! Бұл жерде кінә кімде, сыйлықты алған адамда ма, әлде сыйлықты сыйға тартқан адамдарда ма?! Сыйлықтан бас тартса, мүмкін сыйлықтар беру тоқтатылар ма?! Әр тұлға өзінен бастап пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Менің ойымша, осындай жағдайлар орын алмас үшін қазақтың салт-дәстүрлерін, жөн-жоралғылардың орнын, әдет-ғұрыптарын жаңғырта отырып, осы бағытта мәдениет мекемелері түрлі іс-шаралар өткізіп отырса деймін. Сонымен қатар, жоғарыда мен өз өмірімде кездескен жағдаймен бөлістім, ол кезде әлі жап-жас бала едім, құқықтық сауаттылығым да жоқ, менікіндей жағдайларға қазір студенттер түспесе екен деймін, сол себепті студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сауаттылықтары жоғары болуы керек. Жемқорлыққа қарсы тағы бір бағыт – өскелең ұрпақты әділдікке, адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халқымыз, әр тұлға өзінің отбасына, жанындағы жақын жандарына дұрыс жол көрсетіп, дастархан басында ата-бабаларымыздан қалған мұра – аңыз-әңгімелермен, парақорлық, ұрлық, жалқаулық туралы ертегілермен, би-шешендеріміздің нақыл сөздерімен бөлісіп, балаларымыздың құлағына сіңіріп отыруымыз қажет.

«Асылдан — асыл туады,

Жалқаудан — масыл туады.

Мылжыңнан — езбе туады,

Қыдырмадан — кезбе туады.» - деген Майқы бидің нақыл сөздері әр тұлғаның, отбасының қалыптасу, өсуінің дәлелі. Біз кешегі би-шешендеріміздің, батырларымыздың ұрпағымыз, асылдың сынығымыз, сондықтан осы асыл тұқымды сақтап, асылдарды тәрбиелеп шығару басты міндетіміз!